

Қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жылдарға арнаған облыстық бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 34/11 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 6 мамырда N 3020 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ** ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жылдарға арналған облыстық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Г. Досжанова

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының
(III шақырылған (кезектен тыс) XI сессиясы)

2005 жылғы 15 сәуірдегі

"2005-2007 жылдарға арналған қоршаған
ортаны қорғау облыстық бағдарламасы"

N 34/11 шешіміне қосымша

**2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау
облыстық бағдарламасы**

1. Паспорт

Атауы

		2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау облыстық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама)
Әзірлеу негізі	үшін	Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы туралы" N 1241 Жарлығы
Негізгі әзірлеушілер		Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті, Павлодар облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы (келісім бойынша), Алматы қаласының денсаулық сақтау және экожобалау орталығы (келісім бойынша)
Мақсаты		Павлодар облысы қоршаған ортасының жағдайы мен сапасын жақсарту
Міндеттері		Табиғатты қорғауды басқарудың кешенді жүйесін енгізу Атмосфералық ауаның, су және жер ресурстарының жағдайын жақсарту Облыс тұрғындарының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қоршаған ортаның мониторингін қамтамасыз ету Облыс халқының денсаулығына әсер ететін экологиялық қауіп-қатерді азайту Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын өткізу кезінде ғылыми қамтамасыз етуді енгізу
Іске асыру мерзімі		2005-2007 жылдар
Көлемдері және қаржыландыру көздері		Облыстық бюджеттің 542,2 млн. теңге сомасындағы қаражаты, кәсіпорындардың өз қаражаттары - 8015,7 млн. теңге, Қазақстан Республикасы заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да қаржы көздері - 330,0 млн. теңге
Күтілетін нәтижелер		қоршаған ортаның құрауыштарына өнеркәсіп және шаруашылық қызмет барысында жағымсыз ықпал ету мен антропогендік әсерді төмендету, қоршаған ортаның жағдайы мен сапасын жақсарту

2. Кіріспе

2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау облыстық бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 бұйрығымен бекітілген 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасына және Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен үкіметтің 2004 жылғы 2 тамыздағы кеңейтілген мәжілісінің N 01-7.5 Хаттамасына сәйкес әзірленді. Бағдарлама нақты мақсаттарға жетуге, белгілі экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған өзара байланысты ұйымдық, экономикалық, әлеуметтік, қаржылық және техникалық

шаралардың жиынтығы болып табылады.

Бағдарламаның негізіне экологиялық жағдайды бағалау, экологиялық проблемаларды басымдықтары бойынша саралау, оларды шешу жолдары мен әдістерін белгілеу кезіндегі мақсатты қадамы алынған.

Әзірленген Бағдарламада күтілетін нәтижелерді көрсете отырып, облыста тиімділігі жоғары экономиканы құру үшін қойылған мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін мерзімдері, ресурстары және іс-шаралардың орындаушылары бойынша келісілген жүйе бар.

Жобаны іске асырудың әлеуметтік экологиялық (өңірдің қоршаған ортасының жай-күйінің алдағы үш жыл бойы үдемелі жақсаруы), сондай-ақ экономикалық тиімділігі (экологиялық мақсаттарға шығатын қаражатты әжептәуір оңтайландыру) бар.

Бағдарламаны орындау қорытындылары бойынша қалалардағы және ауылдық аудандардағы экологиялық жағдай едәуір жақсарып, тұрақтанады, Павлодар өңірінің тұрақты дамуы қамтамасыз етіледі және барлық мүдделі тараптардың қатысуымен үздік отандық және халықаралық тәжірибе негізіндегі қоршаған ортаны сауықтыруды басқарудың пәрменді тетігі құрылатын болады.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Павлодар облысы бүкіл ел үшін стратегиялық маңызы бар, Қазақстан Республикасының экономикалық және өнеркәсіптік жағынан ең дамыған өңірлерінің бірі болып табылады. Сонымен бірге, облыс аумағында Ұлттық Республикалық игілік болып табылатын бірқатар аса құнды табиғи объектілер бар, олардың экологиялық тұрақтылығы тек қана облыс тұрғындарының ырыс-берекесі мен алдыңғы буыннан мұраға қалған қоршаған ортаның сапасына ғана емес, сондай-ақ облыстың жоғары өнеркәсіптік-экономикалық әлеуетінің іске асырылу қабілетіне де байланысты.

Экологиялық жағдайын жақсарту үшін Павлодар облысының аумағында біршама жұмыс жүргізілуде. Соңғы жылдар ішінде, әр түрлі облыстық табиғатты қорғау бағдарламалары әзірленді, бекітілді және іске асырылды, солардың ішінен мыналарды атап өтуге болады: 2004 жылға арналған "Ауыз су" облыстық бағдарламасы, 2004-2006 жылдарға арналған облыстың селолық аумақтарын дамыту бағдарламасы. Сонымен қатар, аймақтағы экологиялық жағдай қиын күйінде қалуда, бұл - экологиялық сауықтырудың барлық резервтері әлі де толыққанды пайдаланылмағанының белгісі.

Облыс аумағында Республикадағы ең ірі жылуэнергетикалық және металлургиялық өнеркәсіп кәсіпорындары жұмыс істеуде. Соңғы 2 жылда, өнеркәсіп өнімінің артуына байланысты атмосфераға ластаушы заттардың жалпы шығарындылар көлемі 2002 жылмен салыстырғанда (461,9 мың тонна), 59,2 мың тоннаға өсті және 2003 жылы 521,1 мың тоннаны құрады.

Сонымен бірге, соңғы төрт жыл бойы аймақта үлесі өңірлік жалпы өнімнің бір миллион АҚШ доллары есебіндегі ластаушы заттар шығарындыларының үдемелі төмендеуі байқалуда, яғни ластаушы заттар шығарындыларының үлесі, тиісті табиғатты қорғау шараларын өткізу арқасында, шығарылатын өнімдердің бірдей көлеміне төмендейді.

Ластаушы заттардың негізгі көлемі облыстың атмосфералық ауасына жылу энергетикасы және металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарынан түседі. Шығарындылардың құрылымындағы: Екібастұз көмірлерінің күлі, көмір мен жыныс тозаңы (46%), күкірт диоксиді (35%), азот оксиді (12%) және көміртегі оксиді (5%) .

Экологиялық жағдайдың күрделілігі автокөлік жүктемесінің үнемі өсуінен үлкен қалалардың табиғи ортасының ластануына, қала аумақтарына су жайылуына, селолық аудандардың агроэкологиялық проблемаларына байланысты болуда.

Белсенді түрде шоғырланудың жүруіне байланысты қазіргі бүкіл әлемде автокөліктің атмосфераны ластау проблемасы басымдықты орын алады. 2004 жылдың 1 қаңтарында Павлодар облысында 95 мыңнан астам автокөлік құралдары тіркелген.

Павлодар облысы бойынша жылжымалы көздердің шығарындылары жөніндегі ресми деректер атмосфераға автокөліктерден шығарылатын жалпы шығарындылардың кем дегенде 10%-ын құрайтынына қарамастан (облыс кәсіпорындарының Павлодар облыстық қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасына берген есеп деректері бойынша), іс жүзінде есепке алынбаған жеке автокөлік санының өсуі есебінен шығарындылар көлемі анағұрлым артық екенін атап өткен жөн. 2004 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жеке тұлғалардың автокөліктер саны, заңды тұлғалардың автокөліктерінен 6 есе артық болды. Автокөліктің жиынтық шығарындылары тиісінше осыншама өседі деп болжауға болады.

Автокөлік шығарындыларының өсуі автомобильдердің төмен техникалық жағдайы, сапасыз автотопар отынын қолдануы (этилдендірілген бензин), шығатын газдарды тазалауға (катализдық нейтрализаторлар) арналған құралдармен нашар жарактандырылуы, шығарындыларды бақылау жүйесінің жеткіліксіздігінен және басқа да себептерден болып отыр.

Павлодар облысы үшін су ресурстарының жағдайы мен оны пайдаланудың маңызы өте зор. қазіргі кезде облыс орталығын ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған жалғыз көз - халықаралық шекаралық су тамыры Ертіс өзені болып табылады. Павлодар және Павлодар ауданы шегіндегі Ертіс өзені үшін 2003 жылы ауыз судың ластану индексі 1,4-ке тең болды, бұл өзеннің су сапасын орташа ластанған, 3 класты су айдыны ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Облыс шегіндегі Ертіс өзенінің жай-күйін бақылау, 2003 жылы суда барлық бақыланатын өлшемдердің: мыс - 1,3 МШК, мырыш - 1,7 МШК, мұнай өнімдері - 3,2 МШК, марганец - 5,6 МШК, темір - 2,4 МШК орташа екенін көрсетті.

Сонымен қатар, өнеркәсіптік ағынды су (Тұз, Атығай, Сарыпан, Былқылдақ көлдері) жинаушының, күл-қоқыс үйінділерінің жағдайы (Қарасор өзені) мен Ертіс-қарағанды арнасының техникалық жағдайы қатты алаңдаушылық туғызуда.

Күл үйінділері бөгетшелерінің үнемі көбеюінен судың тартылуы едәуір артты, күл үйінділерінің айналасы батпақталып, топырақтағы сулар жоғарыға шығуда. Бұдан басқа, күлді аумақтарды шаң басуда. Кеніштердің, үйінділердің, коммуникациялардың, сорғыту арналарының жанындағы бедерлер мен ландшафттардың үздіксіз бұзылуы байқалуда. Экзогендік үрдістердің (су басу, сорлану, шаң басу және басқа) қайталануы байқалып отыр. Түрлі алқаптарда топырақты сулардың әр түрлі элементтермен және қосындылармен ластанғаны анықталды.

Жер асты сулары ластануының аймақтық проблемаларының бірі, оның фтормен ластануында. Павлодар қаласының солтүстік өнеркәсіп аймағында жерасты суларының фтормен ластануы шамамен 33 км^2 құрайды. Ағынды сулардағы фтордың құрамы 2,4-тен 14,4 мг/л дейін, жерасты суларында 1,5-3,0 мг/л (1-2 ШМШ). Жерасты суларының фтормен ластану көлемі Павлодар қаласының оңтүстік өндіріс аймағында 2002 жылы 30 км^2 құрады. Жерасты суларындағы фтордың көлемі 1,5-тен 26,1 мг/л дейін (1-17,4 ШМШ).

Қазіргі кезде, Ақсу қаласына іргелес аумақта Ақсу ЖЭС күл үйінділерінің айналасында жерасты суларының фтормен ластану көлемі $1,2 \text{ км}^2$ құрап отыр, шоғырлануы 1,8-2 ШМШ көлемінде.

Екібастұз жылу электро орталығы аумағындағы жерасты суларының ластану көлемі $6,5 \text{ км}^2$ құрайды, жерасты суларындағы фтордың құрамы 3,28 мг/л дейін (2,2 ШМШ). "Екібастұз AES" ЖШС аумағында Қарасор көлінің айналасында жерасты суларының 1,2-2,9 ШМШ ластанғаны белгілі болды.

Соңғы 25-30 жыл бойы белсенді жүргізілген өндірістік-шаруашылық қызмет облыстың Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалалары аумағында ыза су деңгейінің ұдайы өсуіне алып келді. Тұрғын аумаққа су жайылуының салдары өткір әлеуметтік-экономикалық сипатқа ие болуда, ал су басқан аймақтағы тұрғындар өмірінің деңгейі үйлер жертөлелерінің дымқылдануы, тұрғын үйлердің тұғырлары мен қабырғаларының тез бұзылуы, қансорғыш жәндіктердің тез көбеюі сияқты құбылыстармен сипатталуда. Бұдан басқа, су жайылған жерлер тез сорланып, өсіп тұрған ағаштың күрт азуына әкеліп соғады.

Соңғы жылдары Павлодар қаласында ыза сулардың көтерілу деңгейі

көпжылғы орташа 0,07-0,12 м жылдамдықпен жүруде.

М ы н а л а р :

инженерлік коммуникациялардың апаттық жай-күйі;
дамыған және тиімді жұмыс істейтін арна ағындық кәріз жүйесінің жоқтығы;
өнеркәсіп кәсіпорындарының қалдықтары мен жинақтауыштарының
жеткіліксіз жабылуы (ЖЭО-2, ЖЭО-3 күл үйінділері, "Қазақстан Алюминий"
ААҚ-тың шлам үйінділері мен күл үйінділері);
ыза судың табиғи ағындарының бетондалуы (жағажай құрылысы) су
жайылуының негізгі себептері болып табылады.

Екібастұз қаласының шамамен 30 % тұрғын аумағына су жайылған. Тұрғын
үй аумағындағы судың деңгейі әлі де көтерілуде, 2003 жылы ол 0,1-0,4 м артқан
. Ақсу қаласы аумағында судың жайылуы тек Ертіс өзенінің аңғарына жақын
жерде, топырақты суларға жайылма сулардың қосылуы салдарынан шөккен
а у м а қ т а р д а ғ а н а б а й қ а л у д а .

Судың осылайша тез жайылуы жағдайында сатылас және деңгейлес сорғыту
жүйесін жасау ғана ыза сулар деңгейін төмендетудің тиімді әдісі болып
т а б ы л а д ы .

Қалалардың тұрғын аумағында ыза су деңгейінің төмендету жобаларын
орындау, арнаны реттеу, жағалауды бекіту және тасқынға қарсы жұмыстарды
жүргізу облыстың басымдықты табиғатты қорғау міндеттеріне жатады.

Ең өткір мәселелердің бірі - бірқатар селолық аудандардың халқын сапалы
ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ облыстың негізгі елді мекендерін сумен
жабдықтаудың баламалы көздерін пайдалану қажеттілігі болып табылады.

Айталық, Павлодар облысының 12 ауданының 8-де (Екібастұз және Ақсу
қалаларының ауылдық округтері, Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Качиры, Май және
Павлодар аудандары) ауылдардың 20%-нан 70%-на дейіні мемлекеттік
стандартқа сәйкес келмейтін суды тұтынуда.

Қымбат бағалы су құбырларының баламалы жүйесі ретінде суды
залалсыздандыруды және оның құрамындағы тұз бен түрлі қосындыларды
төмендетуді ескеретін құрастырмалы блок-модульдердің 60-тан астам елді
мекендегі құрылысын салу керек.

Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды сақтау және кәдеге жарату өткір
күйінде қалуда. Мәселен, Павлодар облысы аумағында 5 млрд. тоннадан астам
қ а л д ы қ ж и н а қ т а л ғ а н .

Павлодар облысында көмір өндірісі кәсіпорындарының таужыныс
қалдықтары мен жылуэлектр стансаларының күл қалдықтары ауқымды аумақты
алып жатқандықтан, оларды қалпына келтіру облыстағы маңызды
проблемалардың бірі болып табылады. өндіріс қалдықтары қайта өңделген соң,
экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды полигон-үйінділерде

Кәсіпорындардың қалдықсыз және аз қалдықсыз технологияға көшулері қажет, өйткені облыстағы өндірістің өңделген қалдықтарының пайда болған көлемінің жыл сайын тұтынушыларға шамамен тек 2% ғана беріледі.

Соңғы жылдары қатты тұрмыстық қалдықтардың (бұдан әрі - ҚТҚ) көлемі өсіп отырғандықтан, оның құрамына экологиялық қауіпті көптеген қосындылар (батарейкалар, шамдар, сырлар, дәрі-дәрмектер және т.б.) енетіндіктен ҚТҚ-ты үйінділерге көму жолымен дәстүрлі жою әдісі экологиялық, сол сияқты экономикалық-ресурстық себептер бойынша қолайсыз болып табылуда.

Осыған байланысты, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін кәсіпорнын салу қажет, соның нәтижесінде облыс қолда бар ресурстық және кадрлық әлеуетті пайдалана отырып, жаңа жұмыс орындарын құру, ҚТҚ-ты жинау мен кәдеге жаратудың жаңа технологиясын енгізу мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ жаңа өндірісті ашу, бағалы және арзан шикізаттың жаңа көздері мен жаңа өнім түрлері де алынатын болады.

Сондай-ақ, қала құрылысы нормативтерінің бұзылуы, жасыл желек екпе ағаштарың көлемінің қысқаруы, автокөліктің көбеюі қалалардың экологиялық қолайсыздықтарының себептері болып табылуда.

Облыс қалаларындағы екпе ағаш қорының жағдайы, ағаштардың жаппай қартаюы, жасыл желекті күту проблемалары, отырғызылған ағаштардың нашар бейімделуі, ағаштардың рұқсатсыз кесілуі қатты алаңдатуда.

Облыс аумағының жалпы көлемі 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 12 млн. 470,5 мың га құрайды. Павлодар облысындағы негізгі проблемалардың бірі топырақтың беті мен ландшафттарды тозудан және ластанудан қорғау болып табылады. Жерді қалпына келтірудің (бұзылған жерлер аумағынан есептегенде) орташа көрсеткіш Павлодар облысы бойынша соңғы бес жылда 5,9-7,1% құрайды. Осы көрсеткіш Шарбақты, Лебяжі және Май аудандарында неғұрлым жоғары, Екібастұз (1,4-1,9%), Павлодар (3,9-10,3%) қалаларында және Успен ауданында (3,4-7,2%) төмен екені байқалады.

Нақты зерттеулердің негізінде жүргізілген талдауға сәйкес Павлодар облысында топырақтың үстіңгі қабаты ластануының 40-45% аумағы қалыпты ластануға, 50% нашар ластануға жатады. Топырақтың үстіңгі қабаты ластануының орташа деңгейі Майқайың кентінде байқалуда және ол табиғи факторларға "Майқайың" кен орнына жақын орналасуына) байланысты болып отыр. Сондай-ақ, Бозшакөл мен Ақсу қаласы орналасқан аудандарда жер қабатының шамалы бөлігі орташа деңгейде ластанған.

Облыс аудандарында жалпы сыйымдылығы 1034 тонналық тыңайтқыштар мен пестицидтер сақтайтын 8 жұмыс істеп тұрған және 19 бейімделген қойма бар. Оларға органикалық ластаушылармен ластану қаупі төнуде.

Орман және жануарлар әлемін қорғайтын бес мемлекеттік мекемеге бекітіліп берілген облыс мемлекеттік орман қорының жалпы аумағы облыстың барлық аумағының 3,6% құрайды. Соңғы жылдары өз еркімен кесу, орман өрттері, орманды қалпына келтіру жұмыстары көлемінің жеткіліксіздігі ағаштардың ауруы мен орман зиянкестердің әсерінің салдарынан орман алқабының, соның ішінде қаумалдардың көлемі едәуір кеміді.

Облыста жердің барлық аумағының 3,9% ерекше қорғалатын аумақ алып жатыр, ал халық (әсіресе қала тұрғындары) үшін табиғатпен қарым-қатынас жасау өмірлік-маңызды қажеттілік болғандықтан, қорық аймағы аумағына түсетін қалпына келтірушілік күш артуда. Табиғатты сақтау аймақтарын (Баянауыл Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, "Ертіс өзенінің жайылмасы" Мемлекеттік табиғи қаумалы) кешенді дамыту және басқару ерекше маңызды сипат алууда. Соның өзінде, Ертіс өзені мен жайылма бірегей табиғи-шаруашылық кешені болып табылатынын атап өткен жөн.

Браконьерліктің, сондай-ақ өрттің салдарынан облыста аң мен құс санының азаюы байқалуда. Соңғы бес жылда бұлан саны екі есеге азайды.

Семей сынақ полигонының шамамен 720 мың га алаңының Май ауданының мемлекеттік жер қорына берілуіне байланысты полигон ауданындағы радиациялық жағдайды зерделеу және зерттеу, сондай-ақ осы аймақтағы радиациялық жағдайға үнемі мониторинг жүргізу қажет.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында басқарушылық және шаруашылық шешімдер қабылдау үшін жедел және сенімді ақпарат алу мақсатында қоршаған орта мониторингінің бірыңғай жүйесі қажет.

Реңдік мониторинг өткізу үшін, облыста қадағалау желісі (метеостанциялар, гидрологиялық постар, қадағалаудың стационарлық постары) жеткіліксіз екендігін атап өткен жөн. Бұдан басқа, Ертіс өзенінің ластану деңгейін бақылайтын аналитикалық талдау базасы жоқ.

Бақылаушы органдар тарапынан "Павлодар химия зауыты" ААҚ ауданындағы сынаппен ластанудың тиісті мониторингін, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының ластануы мен аймақтағы ыза сулар деңгейінің көтерілу мониторингін қамтамасыз етілуі қажет.

Облыс тұрғындарының денсаулығына келетін экологиялық қатерді азайту мақсатында табиғи ортаның жайын жақсарту, салауатты өмір салты қағидаттарын енгізу, экологиялық тәуелді аурулардың алдын алу және емдеуге бағытталған шаралар кешенін өткізу қажет.

Осы проблемалардың бәрі облыста қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кешенді экологиялық Бағдарламаны іске асыру қажеттілігіне негізделген, ол бар проблемаларды шешуге көмектесіп қана қоймай, болашақта табиғатты тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің сенімді тетігін де жасайтын болады.

Қоршаған ортаға байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үдерісінде ақпараттың қол жетімділігін, жұртшылықтың қатысуын қарастыратын Орхусс конвенциясына сәйкес экологиялық проблемаларды бірігіп шешу үшін, жұртшылықты қоғамдық бірлестіктерді неғұрлым кеңінен тартуды қамтамасыз е т у қ а ж е т .

Мүмкіндікті экологиялық қатерді шағындандыру мен қоршаған ортаға өнеркәсіптік және шаруашылық әрекеттің жағымсыз әсерін азайту мақсатында экологиялық проблемаларды шешу кезінде жұртшылық пікірі ескерілетін болады .

Қоршаған орта жағдайының әлсіз жақтары:
шығарындылардың үлкен көлемі және жылуэнергетика кәсіпорындарының, металлургия өнеркәсібі мен автокөліктің атмосферадағы ауаға, топырақ пен суға лаस्ताушы заттардың шығарындылары мен ағындыларының үлкен көлемі;
Семей ядролық сынақ полигонының аумағына жататын қолда бар жерлер;
ыза сулардың алыста орналасуы, су басу қаупі;
сортандану, жел эрозиясы есебінен топырақтың сапалық балының төмендеуі;
жеткіліксіз көгалдандыру, рұқсатсыз кесу, жасыл екпе ағаштың жаппай қ а р т а ю ы ;

Е р т і с ө з е н і н ің л а с т а н у ы ;
облыста бар өнеркәсіп кәсіпорындарының ағынды су жинауышы, к ү л ш л а м ү й і н д і л е р і ;
тиісті талаптарға сай қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының жоқтығы.

Қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін аспектілер:
ластаушы шығарындылар мен ағындыларды азайту үшін өнеркәсіп кәсіпорындарын жаңғырту және қазіргі талаптарға жауап беретін жабдықтарды е н г і з у ;

ж о ғ а р ы ғ ы л ы м и - з е р т т е у ә л е у е т і ;
т ү з у ж а з ы қ т ы ж е р б е д е р і ;
желдің арқасында зиянды қоспалардың атмосферада шашырауы үшін қ о л а й л ы ж а ғ д а й ;
жерді қайта құнарландыру жұмыстарын өткізу үшін аймақта тиісті техниканың болу қажеттілігі.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - Павлодар облысының табиғи ортасының сапасы мен ж а ғ д а й ы н ж а қ с а р т у .

М ы н а л а р :

табиғатты қорғауды басқарудың кешенді жүйесін енгізу;
атмосфералық ауаның, су және жер ресурстарының жағдайын жақсарту;

облыс тұрғындарының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
қоршаған ортаның мониторингін қамтамасыз ету;
өнеркәсіптік және тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару;
облыс тұрғындарының денсаулығына әсер ететін экологиялық қауіп-қатерді
а з а й т у ;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізген кезде ғылыми қамтамасыз етуді енгізу Бағдарламаның негізгі міндеттері болып табылады.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

М ы н а л а р :

табиғатты қорғауды басқарудың кешенді жүйесін енгізу;
атмосфералық ауаны қорғау;
су ресурстарын қорғау және сумен қамтамасыз ету сапасын жақсарту;
өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасу, сақтау және кәдеге
ж а р а т у ;

биоресурстарды қорғау;
жер ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану;
радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
экологиялық мониторинг жүйесін жетілдіру;
селолық аудандардағы экологиялық жағдайды жақсарту;
тұрғындар денсаулығы үшін экологиялық қауіп-қатерді төмендету
Бағдарламаның негізгі бағыттары болып табылады.

Табиғатты қорғауды басқарудың кешенді жүйесін енгізу мемлекеттік басқару органдарында ISO 14001 (ҚР МЕМСТ) халықаралық стандарттарына сәйкес табиғатты қорғау жүйесін әзірлеуге және пайдалануға мүмкіндік береді, оған экологиялық саясатты әзірлеуге, енгізуге, талдауға және қолдауға қажетті ұйымдастыру құрылымы, жоспарлау, жауапкершілік, әдістер, рәсімдер, үрдістер мен ресурстар енгізіледі. Облыс кәсіпорындарында ISO 9001 халықаралық стандарттарын енгізу жоспарлануда, ол қоршаған ортаны қорғау шараларын тиімді жоспарлау мен өткізуді, тепе-тең жауапкершілікті, ақпараттылықты және барлық мүдделі жақтарды табиғатты қорғау проблемаларын шешуге жұмылдыруды қамтамасыз етеді.

Облыс металлургия, көмір өндіру, жылу энергетикалық кәсіпорындарының зиянды заттардың шығаруын төмендетуге, жабдықтарды жаңғырту, фильтрлер орнату, шаңбасу және жаңа технологияларды енгізудің көмегімен қол жеткізілетін болады. Аталған шаралар басымды болып табылады және Бағдарламаның барлық көлемінің 81,5 % алады.

Су ресурстарын қорғау және сумен қамтудың сапасын жақсарту облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарда су ресурстарын қорғау болып саналады. Сынаппен ластанудың көзін оқшауландыру бойынша зарарсыздандыру жұмыстары

аяқталған соң, сынаппен ластанудың мониторингін және "Павлодар химия зауыты" АА)-не жақын орналасқан сынаппен ластанған су көздерін зерделеу жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу жоспарлануда. Сондай-ақ, "Былқылдақ" ағынды суларының жинаушының сынаппен ластану ошағын оқшауландыру, жер асты суларын техникалық қажеттілікке, өнеркәсіп кәсіпорындардың шаң басу үшін кеніш суларын пайдалану жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу; Павлодар қаласында құрғатқыш торабын құру және арна жүргізу ағынын салу жолымен қоныстанатын аумақтарды су басу және батпақтану проблемасын жою қарастырылуда.

Арналық реттеу, тасқынға қарсы және жаға бекітетін, және жұмыстарын жүргізген кезде Ақсу қаласының шығыс жағында тасқынға қарсы дамба салынады. 2005 жылы Ертіс өзенінің иреңінде оңтүстік су жинауыш маңында жаға бекіту жұмыстары, Усолка өзенінің арнасын жаңғырту жұмыстары, Новоямышев ауылы маңында Ертіс өзенінің арнасын тазалау жалғастырылады, облыстың жер үсті суқойма жолағын және суды қорғау белдемі белгіленген Ертіс өзені алабының су ресурстарын трансшекаралық басқару жобасы әзірленіп, енгізілетін болады, бұған 165,0 млн. теңге көлемінде инвестицияны бағыттау б о л ж а н у д а .

Облыс тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және суды пайдалану проблемаларын облыс аудандары мен қалаларында ауыз судың сапасын бақылауды күшейту арқылы шешілмек. Бұдан басқа, 2005 жылы Успен селосында кәріз жүйесін күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстар жалғастырылады, Екібастұз және Ақсу қалаларында сорғыш кәріз қондырғыларын күрделі жөндеуді жүргізудің жобалау құжаттамасы әзірленетін болады, облыс қалалары мен аудандарында әлеуметтік саланың қайта енгізілген объектілері үшін қазіргі кездегі кәріз жүйесі салынады және қайта құрылады.

Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау мен қайта пайдалану жөніндегі іс-шаралар атмосфералық ауаның, жер асты суларының ластануын "ПНХЗ" ЖАҚ қатты қалдықтарын жинақтауышты қайта құнарландыру "АЕС ААҚ Екібастұз" шаңды күлді жағажайын, "ГРЭС-2 Екібастұз стансасы" ААҚ күлді жағажайының жандануын төмендету, "Северный" мен "Западный" күлді үйіндісін пайдалану, "ГРЭС-2 Екібастұз стансасы" ААҚ күлді үйінділерінің бөгетшесін ұзарту, "Евроазиаттық энергетикалық корпорация" ААҚ N 2 секциясын ұлғайту есебінен төмендетуге мүмкіндік береді.

2005-2007 жылдары мемлекеттік мекемелерде, құрамында сынабы бар шамдарды қайта пайдалану мен жинау жұмыстары жалғастырылады, өнеркәсіптік улы қалдықтарды көму орындарын бақылау мен мониторинг жүргізілетін болады, осы мерзімде көмір өндірісіндегі қалдықтарды қайта өңдеу үдерісінде алынатын гуминдік препараттардың пайдаланылуын зерттеуді жүргізу

, қауіптілігі I-II кластағы улы қалдықтарды көмуге арналған полигондарды уақытша тоқтату жоспарлануда.

Үш жылда облыс қалаларында қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін әзірлеу және енгізу жоспарланып отыр. Павлодар қаласындағы полигонды жаңадан салу немесе қазіргі істейтін полигонды жаңғыртуға техникалық экономикалық негіздеме әзірлеу жобалануда. Қатты тұрмыстық қалдықтардың қазіргі кездегі қызмет ететін полигонын қайта салу, тұрғындардың қоқысты, көң және басқа қалдықтарды рұқсат етілмеген жерлерге үюіне әкімшілік жауапкершілікті арттыру қажет. Облыс елді мекендерінде санитарлық тазалау жұмыстары жалғасуда.

Жерлерді тиімді пайдалану, топырақ құнарлығын арттыру мен жер ресурстарын қорғау мақсатында қазіргі заманғы оңтайлы агроэкологиялық модельді әзірлеу және енгізу, құнарсыздануға қарсы агрошараларын өткізу, яғни әрі қарай бүкіл облыс бойынша тарата отырып, (Ертіс ауданының үлгісінде), ауыл шаруашылығын жүргізуде экологиялық принциптердің қолданылуын көтермелеу, облыс елді мекендерінің аз өнімді жерлерін суландыру және бұзылған жерлерді қалпына келтіру жоспарлануда.

Радиациялық қауіпсіздікті жақсартуға 165,0 млн. теңге көлеміндегі инвестиция есебінен "Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының жерлерінде радиациялық зерттеулер жүргізу" алғашқы жобасын іске асыру жолымен қол жеткізу жоспарланып отыр. Бұдан басқа, бұрынғы Семей ядролық полигонына жақын орналасқан Май, Лебяжі және Баянауыл аудандарының аумағының бөлігін радиологиялық зерттеу және елді мекендерінде радондық карталау жұмысы жалғасуда. Павлодар химия зауытының радиоактивті қалдықтары болып есептелетін пайдалану мерзімі өткен иондайтын сәуле шығаратын көздер арнайы полигонда көміледі.

Павлодар және Екібастұз қалалардың қонысты аймағындағы, атмосфералық ауаның тұрақты экологиялық мониторингін іске асыру жөніндегі жұмыстарды іске асыру жоспарлануда.

Селолық аудандардағы атмосфералық ауаның ластануы мемлекеттік мекемелердің жеке жылу беру көздерінде шаң сорғыш құрал-жабдық қондырғысын ортану есебінен төмендетілуде. Ауылдық елді мекендердің тазалағыш қондырғылары мен кәріз жүйелерін салуға және күрделі жөндеуге жобалау құжаттарын әзірлеу, сорғыш станциялары ауданында лай тұнбаларынан Ертіс өзенінің арнасын тазалау жоспарлануда.

